

## **Этил спирті мен алкоголь өніміне арналған көлік жүк құжаттарының бірыңғай нысандарын енгізу туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 1161 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 20 қазанда тіркелді. Тіркеу N 945. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 125 бұйрығымен.

Этил спирті мен алкоголь өнімнің айналымын бақылауды күшейту  
мақсатында Бұйырамын:

1. Этил спирті мен алкоголь өніміне арналған көлік жүк құжаттарын міндетті  
ресімдеу енгізілсін.

2. Этил спирті өндірушілерге және алкоголь өнімін сақтау мен көтерме сату  
жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке, заңды тұлғаларға дербес  
бірдейлендіру нөмірі - кодтар берілсін.

3. Қоса беріліп отырған этил спирті мен алкоголь өніміне арналған көлік  
жөнелтпе құжаттарын ресімдеудің тәртібі бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі:  
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасымен этил спирті  
мен алкоголь өніміне арналған көлік жүк құжаттарының бланкілерін әзірлеуге  
шарт жасассын;

өндірушілерден, алкоголь өнімін сақтаумен және көтерме сатумен  
айналысатын заңды және жеке тұлғалардан көлік жөнелтпе құжаттарының  
бланкілерін сатып алуға арналған өтініштің жиналуын қамтамасыз етсін;

бір ай мерзімде дербес бірдейлендіру нөмірлерін - кодтарды берудің тәртібі  
мен әдістемесін дайындасын.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс Министрінің  
1999 жылғы 20 қыркүйектегі  
N 1161 бұйрығымен  
бекітілген

**Этиль спирті мен алкоголь өніміне арналған көлік  
жүк жөнелтпе құжаттарын ресімдеудің тәртібі**

*Ескерту: Мәтін бойынша "сату кезінде" сөзі "түсіру кезінде" сөзімен ауыстырылды; "шығарылу датасы, түсірілу датасы" сөзі "өлшем бірлігі" сөзімен ауыстырылды; "дал" сөзі алынып тасталды; "жауапты" сөзінен кейін "өкілетті" сөзімен толықтырылды, 11) тармақша алынып тасталды; "(шөлмек, дал)" сөзі алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 436 бұйрығымен .*

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тәртіп этиль спирті мен алкоголь өніміне арналған көлік жүкжөнелтпе құжаттарын ресімдеу жөніндегі тәртіп "Этиль спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Тәртіп этиль спирті сату алкоголь өнімін сақтау және көтерме сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың жөнелту жөніндегі операцияларды жүргізуі кезінде көлік жүкжөнелтпе құжаттарын ресімдеудің ретін белгілейді.

Жөнелту жөніндегі әрбір операцияны жүргізу кезінде міндетті тәртіппен тиісті көлік жүкжөнелтпе құжаттары ресімделеді. Осы жағдайда көлік жүкқұжатының бірінші данасы этил спирті мен алкоголь өнімін алушыға беріледі. Көлік жүкқұжатының екінші және үшінші даналары этил спирті мен алкоголь өнімін жеткізушінің өзінде қалады.

*Ескерту: 2-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 436 бұйрығымен .*

3. Көлік жүкжөнелтпе құжаттары қатаң есептілік бланкілері болып табылады және оларға қатаң есептілік бланкілері ретінде бухгалтерлік есептің тәртібі қ о л д а н ы л а д ы .

4. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарының жеті мәнді баспаханалық нөмірлемесі бар, мынадай төрт түрге бөлінеді және бір бірінен түстері бойынша а ж ы р а т ы л а д ы :

этиль спиртіне арналған қызыл түсті көлік жүкжөнелтпе құжатын алкоголь өнімін өндірушілерге этиль спирті түсіру кезінде беруші ресімдейді (1-қосымша ) ;

этиль спиртіне арналған көк түсті көлік жүкжөнелтпе құжатын этиль спирті фармацевтикалық кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелерге, этиль спирті техникалық мақсатта және/немесе алкогольді емес өнімді өндіру кезінде пайдаланатын ұйымдарға беруші ресімдейді (2-қосымша);

алкоголь өніміне арналған сары түсті көлік жүкжөнелтпе құжатын алкоголь өнімін (сырадан басқа) көтерме сату саласында өз қызметін жүзеге асыратын көтерме сатушыларға түсіру кезінде беруші ресімдейді (3-қосымша);

алкоголь өніміне арналған жасыл түсті көлік жүкжөнелтпе құжатын алкоголь

өнімін (сырадан басқа) көтерме сату саласында өз қызметін жүзеге асыратын мекемелерге (соның ішінде жекеменшік фирмалық арнайы дүкендерге де, олардың мекен-жайына байланыссыз) түсіру кезінде беруші ресімдейді (4-қ о с ы м ш а ) .

*Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 436 бұйрығымен .*

5. Көлік жүкжөнелтпе құжаттары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінде беріледі (бұдан әрі - Комитет).

6. Ұйымдардың сатып алған көлік жүкжөнелтпе құжаттары өзге ұйымдар мен тұлғаларға қайта сатуға, беруге немесе басқа нысандарда иесіздендіруге жатпайды.

## **2. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын толтыру тәртібі**

7. Этил спиртіне арналған қызыл түсті көлік жүкжөнелтпе құжаты көрсетеді:

1) этил спирті өндірушілерге:  
этил спирті өндіруші ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, өндіріс орны;  
мемлекеттік лицензияның нөмері, оны беруші орган, берілген уақыты, әрекет е т у м е р з і м і ;

салық төлеушінің тіркеу нөмері;  
жеке идентификациалық нөмері-коды;

2) этил спирті алушыға:  
этил спирті өндіруші ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, өндіріс орны;  
мемлекеттік лицензияның нөмері, оны беруші орган, берілген уақыты, әрекет е т у м е р з і м і ;

салық төлеушінің тіркеу нөмері;  
жеке идентификациалық нөмері-коды;

3) төлем формасының мәмілесі:  
ақшасыз есеп ауыстыруда-төлем тапсырмасының нөмері, уақыты;  
қолма қол есеп айырысуда-кассалық кіріс ордерінің нөмері, уақыты;  
консигнацияда-келісім шарттың нөмері, уақыты;

4) т а с ы м а л д а у ш ы ғ а :  
жүргізушінің аты-жөні, әкесінің аты;  
жүргізушілік куәлігінің сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган,  
көлік құралының маркасы, мемлекеттік нөмері, жолсапар қағазының нөмері,  
б е р і л г е н у а қ ы т ы ;

5) этил спиртінің сорты, ГОСТ;

6) шыққан күні, жүк жөнелткен уақыты;

7) тиелген өнімнің мөлшері;

8) өнімнің бірлік мөлшерінің бағасы (теңге);

- 9) өнімнің жалпы бағасы (теңге);  
10) аударылған акциздің құны (теңге);  
11) алынып тасталынды ;  
12) "өнім бойынша барлығы деген жолға көрсетіледі:  
тиелген өнімнің жалпы мөлшері;  
ыдыстың бағасын есептемегендегі өнімнің жалпы бағасы (теңге);  
аударылған акциздің жалпы құны (теңге);  
13) "ыдыстың бағасы көліктік деген жолға көрсетіледі:  
"тиелген өнімнің мөлшері деген бағанға - бөлінген ыдыстың саны;  
"өнімнің жалпы бағасы деген бағанға - көліктік ыдыстың жалпы бағасы;  
14) "көлік жөнелтпе құжат бойынша барлығы деген жолға көрсетіледі:  
тиелген өнімнің жалпы мөлшері;  
ыдысын қоса есептегендегі өнімнің жалпы бағасы (теңге);  
аударылған акциздің жалпы құны (теңге);  
15) "жөнелтуші деген бағанға жазылатындар:  
жөнелтуші-мекеменің бірінші басшысының қолы және аты-жөні;  
жөнелтуші-мекеменің бірінші есепшісінің қолы және аты-жөні;  
16) "қабылдаушы деген бағанға жазылатындар:  
қабылдаушы мекеменің жауапты өкілетті қызметкерінің қолы, аты-жөні,  
өкесінің аты, төлқұжатының сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган.

*Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 436 бұйрығымен .*

8. Этил спиртіне арналған көк түсті көлік жүкжөнелтпе құжаты көрсетеді:
- 1) этил спиртіні өндірушілерге:  
этил спиртіні өндіруші ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, өндіріс орны;  
мемлекеттік лицензияның нөмері, оны беруші орган, берілген уақыты, әрекет ету мерзімі;  
салық төлеушінің тіркеу нөмері;  
жеке идентификациалық нөмері-коды;
- 2) этил спиртіні алушыға:  
этил спиртіні өндіруші ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, өндіріс орны  
мемлекеттік лицензияның нөмері, оны беруші орган, берілген уақыты, әрекет ету мерзімі;  
салық төлеушінің тіркеу нөмері;  
жеке идентификациалық нөмері-коды;
- 3) төлем формасының мәмілесі:  
ақшасыз есеп ауыстыруда-төлем тапсырмасының нөмері, уақыты;  
қолма қол есеп айырысуда-кассалық кіріс ордерінің нөмері, уақыты;

- консигнацияда-келісім шарттың нөмері, уақыты;
- 4) т а с ы м а л д а у ш ы ғ а :
- жүргізушінің аты-жөні, әкесінің аты;
- жүргізушілік куәлігінің сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган,  
көлік құралының маркасы, мемлекеттік нөмері, жолсапар қағазының нөмері,  
б е р і л г е н у а қ ы т ы ;
- 5) этил спиртінің сорты, ГОСТ;
- 6) өлшем бірлігі;
- 7) тиелген өнімнің мөлшері;
- 8) өнімнің бірлік мөлшерінің бағасы (теңге);
- 9) өнімнің жалпы бағасы (теңге);
- 10) аударылған акциздің құны (теңге);
- 11) алынып тасталынды ;
- 12) өнім бойынша барлығы деген жолға көрсетіледі:  
тиелген өнімнің жалпы мөлшері;  
ыдыстың бағасын есептегендегі өнімнің жалпы бағасы (теңге);  
аударылған акциздің жалпы құны (теңге);
- 13) ыдыстың бағасы көліктік деген жолға көрсетіледі:  
тиелген өнімнің мөлшері деген бағанға - бөлінген ыдыстың саны;  
өнімнің жалпы бағасы деген бағанға - көліктік ыдыстың жалпы бағасы;
- 14) көлік жөнелтпе құжат бойынша барлығы деген жолға көрсетіледі:  
тиелген өнімнің жалпы мөлшері;  
ыдысын қоса есептегендегі өнімнің жалпы бағасы (теңге);  
аударылған акциздің жалпы құны (теңге);
- 15) жөнелтуші деген бағанға жазылатындар:  
жөнелтуші-мекеменің бірінші басшысының қолы және аты-жөні;  
жөнелтуші-мекеменің бірінші есепшісінің қолы және аты-жөні;
- 16) қабылдаушы деген бағанға жазылатындар:  
қабылдаушы мекеменің жауапты өкілетті қызметкерінің қолы, аты-жөні,  
әкесінің аты, төлқұжатының сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган.

*Ескерту: 8-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 436 бұйрығымен .*

9. Этил спиртіне арналған сары түсті көлік жүкжөнелтпе құжаты көрсетеді:
- 1) өндірушілерге (жеткізушіге):
- алкоголь өнімін өндіруші (жеткізуші) ұйымның атауы, заңды мекен-жайы,  
ө н д і р і с о р н ы ;
- мемлекеттік лицензияның нөмері, оны беруші орган, берілген уақыты, әрекет  
е т у м е р з і м і ;

салық төлеушінің тіркеу нөмері;  
жеке идентификациалық нөмері-коды;

2) өнім өндірушіге:

алкоголь өнімін өндіруші ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, өндіріс орны;  
емлекеттік лицензияның нөмері, оны беруші орган, берілген уақыты, әрекет  
е т у м е р з і м і ;

салық төлеушінің тіркеу нөмері;  
жеке идентификациалық нөмері-коды;

3) төлем формасының мәмілесі:

ақшасыз есеп ауыстыруда-төлем тапсырмасының нөмері, уақыты;  
қолма қол есеп айырысуда-кассалық кіріс ордерінің нөмері, уақыты;  
консигнацияда-келісім шарттың нөмері, уақыты;

4) т а с ы м а л д а у ш ы ғ а :

жүргізушінің аты-жөні, әкесінің аты;  
жүргізушілік куәлігінің сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган,  
көлік құралының маркасы, мемлекеттік нөмері, жолсапар қағазының нөмері,  
б е р і л г е н у а қ ы т ы ;

5) алкоголь өнімінің тұтыну ыдысының сыйымдылығы атауы;

6) шыққан күні, жүк жөнелткен уақыты;

7) тиелген алкоголь өнімінің мөлшері;

8) ыдыстың бағасын есептегендегі өнімнің бірлік мөлшерінің бағасы (теңге  
) ;

9) ыдыстың бағасын есептегендегі өнімнің жалпы бағасы (теңге);

10) аударылған акциздің құны (теңге);

11) алынып тасталынды ;

12) алынып тасталынды ;

13) "өнім бойынша барлығы деген жолға көрсетіледі:  
тиелген алкоголь өнімінің жалпы мөлшері;  
ыдыстың бағасын есептегендегі алкоголь өнімінің жалпы бағасы (теңге);  
аударылған акциздің жалпы құны (теңге);

14) ыдыстың бағасы тұтынушы деген жолға көрсетіледі:  
тиелген өнімнің мөлшері деген бағанға - бөлінген тұтынушы ыдыстың саны;  
"өнімнің жалпы құны" бағанында - тұтыну ыдысының жалпы құны;

14-1. "көлік ыдысының құны" жолында көрсетіледі:

"тиелген өнім саны" бағанында - босатылған көлік ыдысының саны;

"өнімнің жалпы құны" бағанында - көлік ыдысының жалпы құны;

15) "көлік жөнелтпе құжат бойынша барлығы деген жолға көрсетіледі:

тиелген алкоголь өнімінің жалпы мөлшері;

ыдысын қоса есептегендегі өнімнің жалпы бағасы (теңге);





- 9) ыдыстың бағасын есептемегендегі өнімнің жалпы бағасы (теңге);  
10) аударылған акциздің құны (теңге);  
11) алынып тасталынды ;  
12) алынып тасталынды ;  
13) "өнім бойынша барлығы деген жолға көрсетіледі:  
тиелген алкоголь өнімінің жалпы мөлшері;  
ыдыстың бағасын есептемегендегі алкоголь өнімінің жалпы бағасы (теңге);  
аударылған акциздің жалпы құны (теңге);  
14) "ыдыстың бағасы тұтынушы деген жолға көрсетіледі:  
"тиелген өнімнің мөлшері деген бағанға - бөлінген тұтынушы ыдыстың саны;  
өнімнің жалпы құны" бағанында - "тұтыну ыдысының жалпы құны;  
14-1. "көлік ыдысының құны" жолында көрсетіледі:  
"тиелген өнім саны" бағанында - босатылған көлік ыдысының саны;  
"өнімнің жалпы құны" бағанында - көлік ыдысының жалпы құны;  
15) "көлік жөнелтпе құжат бойынша барлығы деген жолға көрсетіледі:  
тиелген алкоголь өнімінің жалпы мөлшері;  
ыдысын қоса есептегендегі өнімнің жалпы бағасы (теңге);  
аударылған акциздің жалпы құны (теңге);  
16) "жөнелтуші деген бағанға жазылатындар:  
жөнелтуші-мекеменің бірінші басшысының қолы және аты-жөні;  
жөнелтуші-мекеменің бірінші есепшісінің қолы және аты-жөні;  
17) "қабылдаушы деген бағанға жазылатындар:  
қабылдаушы мекеменің жауапты өкілетті қызметкерінің қолы, аты-жөні,  
өкесінің аты, төлқұжатының сериясы мен нөмері, берілген уақыты, беруші орган.

*Ескерту: 10-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 436 бұйрығымен .*

### **3. Алкоголь өнімін өндірушілер босататын этил спиртінің көлік жүкжөнелтпе құжаттарын ресімдеудің тәртібі**

11. Спирт зауыты этил спиртін сатып алуға алкоголь өнімін өндірушілерден тапсырыстар түскен кезде, сұралып отырған көлемге көлік жүк құжаттамасын ресімдейді, оны міндетті түрде тиісті акциз қосынының жауапты өкілетті қызметкері тіркеуге алып, оның қолы мен мөрі қойылуы керек.

*Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 436 бұйрығымен .*

12. Этил спиртін өндіруші акциз қосынының жауапты қызметкері тез арада өндірушінің салық комитеті мен сатып алушының акциз қосынына жасалайын деп отырған шарт туралы хабарлауға міндетті.

*Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс*



*министрлігінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 436 бұйрығымен .*

13. *Тармақ алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 436 бұйрығымен .*

14. Алкоголь өнімін өндіруші этил спиртін тағайындалған жеріне жеткізгеннен кейін, көлік жүк құжаттамасын тиісті акциз қосынының жауапты қызметкері этил спиртінің алынғаны туралы фактіні растай отырып, міндетті түрде тіркейді, қолы мен мөрін қойып, куәландырады.

*Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 436 бұйрығымен .*

15. Этил спиртін сатып алушының акциз қосынының жауапты қызметкері көлік жүк құжаттамасын тіркегеннен кейін сатып алушының салық органы мен этил спиртін өндірушінің акциздік қосынына жасалынған іс фактісі туралы х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 436 бұйрығымен .

16. Салық органдары жасалынатын мәміле туралы электронды пошта арқылы ақпарат алмасады.

#### **4. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын Банкнот фабрикасынан алудың тәртібі**

17. Республикалық мемлекеттік кәсіпорын "ҚазАлкоОрталық" (бұдан әрі - РМК) заңды және жеке тұлғалардан көлік жүкжөнелтпе құжаттарын сатып алуға арналған өтініштерді жинауды қамтамасыз етеді.

18. РМК заңды және жеке тұлғалардың өтініштеріне сәйкес көлік жүкжөнелтпе құжаттарын түрлері мен түстері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасында (бұдан әрі - Банкнот фабрикасы) әзірлеуге тапсырыс орналастырады.

19. Банкнот фабрикасымен есеп айырысу РМК-ның есепшотына көлік жүкжөнелтпе құжаттарын сатудан түскен қаражаттың есебінен жүргізіледі (5-қ о с ы м ш а ) .

20. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын Банкнот фабрикасынан РМК-ға жеткізуді РМК-ның өкілдері жүзеге асырады.

21. РМК қызметкерлерінің арасынан бірінші басшысының бұйрығымен көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алуға, есебін жүргізуге, сақтау мен беруге материалдық жауапты өкілетті адам тағайындалады.

22. Банкнот фабрикасынан көлік жүкжөнелтпе құжаттарын РМК-ның бірінші басшысы тағайындайтын материалдық жауапты өкілетті адам алады.

23. Акциздік алым таңбаларын алу үшін материалдық жауапты өкілетті адамға РМК-ның бірінші басшысы, бас бухгалтері қолдарын қойған және мөрмен куәландырылған сенімхат беріледі.

## **5. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын Комитетке беру**

24. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын РМК сақтау: жүк құжаттарын сақтауға арналған және беру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған екі жұмыс аймағы бар, өртке қарсы және күзет дабылы бар арнайы бөлінген үй-жайда жүзеге асырылады.

25. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын Комитеттің өкілдеріне беруді мынадай құжаттары:

көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алушының атына берілген, Комитеттің басшысы немесе оның орынбасары қол қойған сенімхаттың түпнұсқасы;  
төлқұжаты немесе жеке басының куәлігі;

көлік жүк құжаттарын алушының қызметтік куәлігі бар материалдық жауапты өкілетті адам жүргізеді.

## **6. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын заңды және жеке тұлғаларға берудің тәртібі**

26. Көлік жүк құжаттарын сақтауды Комитет арнайы бөлінген орында (сейфте) жүзеге асырады.

27. Комитеттің көлік жүк құжаттарын заңды және жеке тұлғаларға беруді мынадай құжаттарды:

көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алуға арналған өтінішті (6-қосымша);  
қызметтің тиісті түріне арналған лицензияларды (көшірмелерін);

бұрын алынған көлік жүкжөнелтпе құжаттарын пайдаланғаны туралы есебін;

РМК-ның есепшотына көлік жүкжөнелтпе құжаттарына төлем жасағаны туралы төлем тапсырмасының көшірмесін;

көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алуға арналған сенімхатын;

көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алушының жеке басын куәландыратын, көлік жүкжөнелтпе құжаттарын беру журналында тіркелетін құжаттарын ұсынуы кезінде жүргізеді.

## **7. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын қайтарудың тәртібі**

28. Пайдаланылмаған көлік жүкжөнелтпе құжаттарының бланкілері Комитетке заңды немесе жеке тұлғаның қайтарудың себептерін көрсеткен көлік жүк құжаттарының бланкілерін қайтарғаны туралы өтінішінің негізінде оларды сатып алған жері бойынша қайтаруы мүмкін.

29. Заңды немесе жеке тұлғалардың көлік жүк құжаттарын Комитетке қайтаруы көлік жүкжөнелтпе құжаттарын өткізу-қабылдау актісі бойынша жүзеге асырылады (7-қосымша).

30. Қайтарылған көлік жүкжөнелтпе құжаттары үшін ақша қаражатын РМК заңды немесе жеке тұлғаның есепшотына үш айдың ішінде аударады.

31. Ақша қаражатын қайтаруды РМК Комитеттің хатының негізінде көлік жүкжөнелтпе құжаттарын қайтару туралы өтініш пен өткізу-қабылдау актісінің

көшірмелерін қоса бере отырып жүзеге асырады.

32. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарында баспаханалық ақауды тапқан кезінде көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алушылар оларды көлік жүкжөнелтпе құжаттарын ауыстыру туралы өтінішпен Комитетке акті бойынша тапсыруға м і н д е т т і .

Қайтарылған көлік жүкжөнелтпе құжаттарының нөмірлері актіге жазылады, оған Комитеттің бірінші басшысының бұйрығымен тағайындалған, құрамы кемінде үш адамнан тұратын ақаулы жүкжөнелтпе құжаттарын қабылдау жөніндегі комиссия қол қояды. Актінің бір данасы РМК-ға жіберіледі.

## **8. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын жоюдың тәртібі**

33. Ресімдеу процесінде бүлінген жүкжөнелтпе құжаттары жойылуға жатады. Бүлінген жүкжөнелтпе құжаттарын алушы мынадай тәртіпті сақтай отырып бөлек парақтарға желімдеуі тиіс:

көлік жүкжөнелтпе құжаттарын желімдеу қыртыссыз және кедір-бұдырсыз жү р г і з і л е д і ;

көлік жүкжөнелтпе құжаттары жөнелтпе құжатының орталық бөлігі мен нөмірі анық көрінетіндей етіліп желімделеді;

көлік жүкжөнелтпе құжатының жекелеген бөліктері бөлініп кеткен кезінде олардың басы біріктірілуі тиіс.

34. Бүлінген көлік жүкжөнелтпе құжаттары жойылуы үшін оларды алған орны бойынша Комитетке жіберіледі.

35. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын жою комиссияның қатысуымен, Комитеттің бірінші басшысының бұйрығымен белгіленетін орында жүргізіледі.

36. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын жою жөніндегі комиссияның құрамын Комитеттің бірінші басшысы бекітеді, оның құрамында кемінде бес адам болады.

37. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын жою жөніндегі комиссияның құрамына міндетті тәртіппен Комитеттің бірінші басшысы не ол уәкілдік берген адам, материалдық жауапты өкілетті адам және көлік жүкжөнелтпе құжаттарын алушы ұ й ы м н ы ң ө к і л і к і р е д і .

38. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарының нақты жойылғаны туралы жою актісі жасалады, онда жойылған жүкжөнелтпе құжаттың саны мен нөмірі көрсетіледі (8 -қосымша). Актіге комиссия мүшелері қол қояды және Комитеттің мөрімен бекітіледі.

## **9. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын Комитетте есепке алу және сақтау**

39. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарының түсуін есепке алу мен беру арнаулы журналда жүргізілуі тиіс, ол баулануы, нөмірленуі, мөрмен бекітілуі және Комитеттің бірінші басшысының қолымен куәландырылуы тиіс.

Журналды көлік жүкжөнелтпе құжаттарын есепке алу мен беруге материалдық жауапты өкілетті адам жүргізеді.

40. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарының әрбір тоқсанның 1-күнінде іс жүзіндегі санын тексеру және материалдық жауапты өкілетті адам ауыстырылған кезінде Комитеттің бірінші басшысының бұйрығымен тағайындалатын түгендеу комиссиясы жүзеге асырады.

41. Тізімдеме екі данада жасалады, түгендеу комиссиясының мүшелері мен материалдық жауапты өкілетті адам қолдарын қояды.

Тізімдеменің бір данасы салыстырып тексеру ведомосін жасау үшін ұйымның бухгалтериясына беріледі.

Көлік жүкжөнелтпе құжаттарында іс жүзіндегі айырмашылықтар анықталған жағдайда материалдық жауапты өкілетті адамның түсініктемесі қоса берілетін материалдар Комитеттің бірінші басшысына ұсынылады.

42. Материалдық жауапты өкілетті адам ауысқан кезінде көлік жүкжөнелтпе құжаттарының қалдықтарын қосымша қабылдау-өткізу актісі жасалады.

## **10. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарын кәсіпорындар мен ұйымдарда есепке алу**

43. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарының кірісі мен шығысын есепке аду қатаң есептілік бланкілеріне тән тәртіппен жүргізіледі.

44. Заңды және жеке тұлғалар көлік жүкжөнелтпе құжаттарының дұрыс есепке алынуын, олардың пайдаланылуын (саны мен құны бойынша), іске тігуді, бүлінген көлік жүкжөнелтпе құжаттарының олардың жоғалуына жол бермей белгіленген тәртіппен істен шығарылуына дейін сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

## **11. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарының пайдаланылуын бақылау**

45. Көлік жүкжөнелтпе құжаттарының дұрыс пайдаланылуын бақылауды Комитет және оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

## **12. Жауапкершілік**

46. Осы Тәртіпті бұзғаны үшін қолданылып жүрген заңдармен белгіленген жауапкершілік пайда болады.